

## Кіріспе

Педагогикалық ғылымның жаңа бағытта дамуы білім беру жүйесінде жоғары дәрежелі, жан-жақты сапалы біліммен қаруланған ұлттық, мемлекеттік, саяси-экономикалық және ел мүддесі тұрғысынан туындаған мәселелерді шеше алатын жаңа тұрпатты педагог мамандарды талап етеді.

Педагогикалық мамандық бұл қазіргі таңдағы ең белгілі мамандықтың бірі, тіпті осы мамандық басқада мамандықтарды анықтайды деп айтуға болады, өйткені еңбектің басқа түрлері арнайы ұйымдастырылған мақсатты педагогикалық қызметің барысында меңгеріледі. Мұғалім мамандығының мәңгілік мамандық деп те атайды. Адам пайда болған кездерден бастап-ақ жинақтаған тәжірибесін жас ұрпаққа беру мен өмірде саналы түрде жинақтау қажеттігін сезінген.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың, тәрбиелеудің мазмұнын қоғам дамуының қарысты қадамына сәйкестендіріп, оны шырқау биіктерге көтеруге бағытталған тың әдіс-тәсілдер жасалуда. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келуде. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оларды түсіне білуді талап етеді. Өйткені нарықтық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын коммуникативтік әрі креативті адамға» ауыстыруды қажет етіп отыр.

Педагогтардың шығармашылық ойлауын дамыту әлемдік және қазіргі заманғы отандық педагогика үшін ұзақ мерзімді міндеттердің бірі болып табылады. Бұл әлеуметтік, экономикалық, әлеуметтік және жалпы адамзаттық сипаттағы бірқатар өзара байланысты себептерге байланысты.

Қазіргі кезде креативтілік - қоғамның өрлеуі мен тоқырауының индикаторы ретінде және жаһандану кеңістігіндегі білім берудің модернизациялық жүйесінің деңгейімен анық талады. Креативтілікті қалыптастыру негіздері. Болашақ маман білімді және дайын қалпы жоқ, шешу жолдары белгісіз, шешуге болатын ұқсас мысалдары жоқ және нәтижесі бірнеше нұсқадан тұратын шығармашылық тапсырмаларды шеше алу машығына ие болуы керек.

П.Торренстің айтуынша, креативтілік бұл проблемаларға, білімнің тапшылығына немесе сәйкессіздігіне жоғары сезімталдық; осы проблемаларды анықтау, болжамдар ұсыну негізінде олардың шешімдерін іздеу, тексеру және өзгерту, шешім нәтижесін тұжырымдау жөніндегі іс-әрекеттер. Креатив бұл адамның шығармашылық қабілеті - ерекше идеяларды қалыптастыру, дәстүрлі ойлау схемаларынан ауытқу, проблемалық жағдайларды тез шешу қабілеті. Бұл түбегейлі жаңа идеяларды шығаруға дайындықпен сипатталады және дарындылық құрылымына тәуелсіз фактор ретінде кіреді деген анықтаманы береміз.

Осылайша, қазіргі кезде әлеуметтік ортаны демократияландыру жағдайында білім берудегі жеке көзқарастың пайда болуы мен дамуы үшін алғышарттар жасалуда, бұл әрбір жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау құқығын, өз мүддесіне сәйкес өзін-өзі дамытуды және жеке тұлғаны білім беру процесінің субъектісі мен объектісі ретінде бір уақытта қарастыруды көздейді. Бұл педагогикалық теорияны абсолютті білім беру мақсаттарынан (жан-жақты дамыған тұлға) бас тартып, жаңа мақсаттарға - адамның өзін-өзі реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу қабілеттерін барынша дамыту мен дарындылықтарына көшуге мәжбүр етеді. Бірақ, жаңа білімге енгізіп, жетілдіру үшін, барлық ақпараттық материалдар өз кезегінде мағыналылықты, жүйелілікті қажет етеді. Бұндай жаңа білімге креативті тұлғалардың типтерін, ақылының белгілері мен сапасы, креативтің пайда болуының механизмдері мен формалары, шығармашылық еңбек шарттары мен оның түрткісін жатқызуға болады.